

«ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ «АЙГӨЛЕК»
БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
ЯСЛИ-САД «АЙГӨЛЕК»
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
ЕСКЕЛЬДИНСКОМУ
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ
ЖЕТИСУ

02.09.2025 _____
Сырымбет ауылы

№ 51 -н
село Сырымбет

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт ұйымдастыру туралы

Балаларды ерте дамыту институты Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының (ҚР үкіметінің 28.03.2023ж №249 қаулысы) 118 тармағын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен және оқытумен қамтылмаған балаларды ата-аналары үшін консультациялық пункт құрылсын.
2. Консультациялық пункттің құжаттар тізімдемесі бекітілсін;
 - 2.1. Ата-аналардың өтініштерін тіркеу журналы
 - 2.2. Консультациялық пункттің жұмыс кестесі
3. Консультациялық жұмыстың жүргізілуіне жауапты болып әдіскер М.Байғалий бекітілсін
4. Консультациялық пункт қызметкерлерінің тізімі бекітілсін
 - 4.1. М.Байғалий-балабақша әдіскері
 - 4.2. И.Рахимова-балабақша медбикесі
 - 4.3. Балабақша тәрбиешілері-У.Турлыбаева, А.Мурат, Г.Курманова, М.Жексембаева, А.Бекбосынова, А.Колбаева
5. Консультациялық пункттің жұмыс кестесі әлеуметтік желіге салынсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз қуырыма қалдырамын



Балабақша меңгерушісі А.Сулсейманова

Бекітемін

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
меңгерушісі А.Судейманова

« 02 » 09 2025 жыл



ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ТӘРБИЕЛЕНІП ЖАТҚАН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА (ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНЕ) ЖӘНЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК КЕҢЕС ПУНКТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

- 1.1 « Айгөлек » бөбекжай-бақшасы МКҚК кеңес беру пункті (бұдан әрі КП) «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес мектепке дейінгі ұйымға қатыспайтын I жастан 6 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарыан көмек көрсету нысандарының бірі болып табылады.
- 1.2. Осы ереже МДҮ –да жұмыс істейтін кеңес беру пунктінің қызметін реттейді
- 1.3. Кеңес беру пункті мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім берудің жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады

2. Кеңес беру пункті жұмысының мақсаты мен міндеттері

2.1. Консультациялық пункт отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата – аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, балалардың жеке басының жан-жақты дамуын қолдау мақсатында құрылады.

2.2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) балалардың дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз етуде жан-жақты көмек көрсету;
- мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу, оқыту және дамытудың түрлі мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық көмек көрсету;
- мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіруге көмек көрсету;
- балалар мен ата-аналарды (заңды өкілдерді) ЕҰ және басқа да әлеуметтік және медициналық қолдау ұйымдарының арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

3. Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру

3.1. Консультативтік пункт қызметінің негізгі нысандары ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған дәрістер, теориялық және практикалық семинарлар, ата-аналардың (заңды өкілдердің) сұрауы бойынша жеке және топтық консультациялар ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым сайтының жұмысын ұйымдастыру арқылы жазбаша өтініш, телефон қоңырауы бойынша сырттай консультациялар ұйымдастыру болып табылады.

3.2. Консультациялық пункт ата-аналарға (заңды өкілдерге) мынадай мәселелер бойынша консультациялық көмекті жүзеге асырады:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіру;
- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері;
- мектепте оқуға дайындық;
- мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;
- ойын қызметін ұйымдастыру;
- балалардың тамақтануын ұйымдастыру;
- балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдай жасау;
- әртүрлі санаттағы отбасылардан шыққан балаларды әлеуметтік қорғау.

3.3. Отбасына көмек көрсету мақсатында консультациялық пункт мамандары әңгімелесу, диагностикалық зерттеулер жүргізу, балаларды бақылауды ұйымдастыру және т. б. нысанында қосымша ақпарат алу мақсатында балалармен жұмыс жүргізе алады.

3.4. Консультациялық пунктте ата-аналармен (заңды өкілдермен) және балалармен жұмыс әртүрлі нысандарда жүргізіледі: топтық, Кіші топтық, жеке.

3.5. Кеңес беру пункті аптасына 1 рет кешкі уақытта жұмыс істейді.

3.6. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық - педагогикалық көмекті ұйымдастыру мамандар: педагог - психолог, логопед-мұғалім, медицина қызметкері, әдіскер қызметінің интеграциясы негізінде құрылады.

Ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады.

3.8. Консультациялық пункттің қызметін тіркеу үшін мынадай құжаттама жүргізіледі:

- өтініштерді тіркеу журналы;
- консультацияларға, дәрістерге қатысу журналы және т. б.;
- консультативтік пункттің жұмыс жоспары;

3.9. Консультативтік пункттің жұмысы үшін:

- консультативтік пункттің жұмыс жоспары-кестесі;
- ақпараттық стенд.

3.10. Консультациялық пунктке тікелей басшылықты МДҰ басшысы жүзеге асырады.

Кеңес беру жүргізілмейді, егер:

1. Бала өзін нашар сезінеді
2. Байланысқа орнатылмаған.

Бекітемін
 Меңгеруші  А.Ж.Сулейманова

«» «» 2025 жыл



2025 - 2026 оқу жылына арналған консультациялық пункт
 жұмысының жоспары

№	Тақырыбы	Өткізу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	2025-2026 оқу жылына арналған консультациялық пункттің жылдық жұмыс жоспарын, мамандардың жұмыс кестесін бекіту	жұмыс кестесі	қыркүйек	МДҰ меңгеруші әдіскер
2	Ата-аналарға « https://e-zhetysu.kz/ » сайтына баланы кезекке қою, жолдаманы шығару бойынша	кеңес беру	жыл көлемінде	меңгеруші әдіскер
3	Танысу сұхбаты	ата-аналарға сауалнама жүргізу	қыркүйек	әдіскер
4	Баланың балабақшаға бейімделуі	дөңгелек үстел	қыркүйек	психолог
5	Кел, танысайық!	танысу сұхбат сауалнама	қыркүйек	психолог медбике
6	Балалар мен ата-аналарға арналған үйдегі ойын бұрышы	кеңес	қазан	тәрбиеші
7	Біз қалай балалармен сөйлесеміз?	консультация	қазан	психолог
8	Отбасы денсаулығы үшін	жеке кеңестер	қараша	медбике
9	Өз балаңызды білесіз бе?	пікірталас	қараша	әдіскер психолог
10	Ұсақ қол моторикасын дамытатын ойындар	дөңгелек үстел	қараша	психолог
11	Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-ана ұстанымдарының әсері	пікірталас	қараша	әдіскер тәрбиешілер
12	Отбасындағы рационалды тамақтануды ұйымдастыру	кеңес	желтоқсан	медбике
13	Кішкентай суретші	тренинг	желтоқсан	тәрбиешілер
14	Дене дамуында қозғалыс белсенділігінің рөлі және	кеңес	желтоқсан	медбике

	балалардың денсаулығы			
15	Отбасы тәрбиесінің баланың дамуына әсері	кеңес	қаңтар	психолог
16	Бала өміріндегі күн тәртібі «Тазалықшылар»	кеңес презентация	қаңтар	медбике
17	Біз бақытты отбасымыз!	тренинг	қаңтар	психолог тәрбиешілер
18	Мен және менің отбасым	спорттық жарыс	ақпан	Тәрбиешілер
19	Бояулар сыр шертеді	сурет салу	ақпан	психолог
20	Баланы жомарттыққа қалай үйрету керек	кеңес	ақпан	тәрбиешілер
21	«Ал, кәнекей, ойнайық!»	ойын сабақ	наурыз	Тәрбиешілер
22	Виртуалды кеңес беру пункті	МДҰ-ның сайты (сұрақ-жауап)	наурыз	Әдіскер тәрбиешілер
23	Дұрыс тамақтану	кеңес	наурыз	медбике
24	Баланы таяқсыз да тәрбиелеуге болады	кеңес	наурыз	психолог
25	Заттық ойын арқылы баланы дамыту	кеңес	сәуір	психолог
26	Менің досым доп	ойын сабақ	сәуір	Тәрбиешілер
27	Денсаулық зор байлық!	кеңес	сәуір	медбике
28	Баланы киінуге қалай үйрету керек?	кеңес	мамыр	тәрбиешілер
29	Мектеп жасына дейінгі балаларды кітап оқуға қалай қызықтыру керек?	кеңес	мамыр	МАД тобының тәрбиешілері
30	Ата-аналарға арналған ұсыныстар	кеңес	мамыр	психолог
31	Жұмыстың нәтижелілігі туралы жылдық есеп	сауалнама	мамыр	Әдіскер
32	Ата-аналардың өтініші бойынша консультациялар	кеңес	жыл бойы	КП мамандары

БЕКІТЕМІН
«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
менгерушісі А.Ж.Сүлейманова


2025 ж.

**2025 – 2026 оқу жылына арналған
педагог – психологтың консультацияларын
есепке алу журналы**

Педагог-психолог: Нуриманова А.Д.

№ р/р	Күні	Кенес алушы			Сұраныс	Ұсыныстар	Ескерту	Консультант
		Жасы (тобы)	Жынысы	Есімі				
1	5.11.25	Күршімбаев 5	Ұл	Рамазан	Тіршілік дамуы	Үйде саилмасу маттығылар	Бақұлауға	Психолог.
2	12.11.25	Ақбота 4	қыз	Аятан	Қарым-қатынас қисықтар 201	Қауымқалыптатып асындар	Бақұлауға	Психолог
3	20.11.25	Балауса 2	Ұл	Рахым	Белсенділік қисықтар	Қандау көрсету	Бақұлауға	Психолог
4	4.12.25	Ақбота	қыз	Аятан	Қарым-қатынас қисықтар 201.	Қауымқалыптатып асындар	Мақсаруға	Психолог.
5	19.12.25	Қарымқалыптату	Ұл	Қарым-қатынас	Мағасын	Релакция маттығылар	Мақсаруға	Психолог
6	23.12.25	Ақбота	Ұл	Бертан.	Мағасын	Релакция маттығылар	Бақұлауға	Психолог.

№ р/р	Күні	Кенес алушы			Сұраныс	Ұсыныстар	Ескерту	Консультант
		Жасы (тобы)	Жынысы	Есімі				
7	12.01.26	Күжирар	Ұл	Рамазан	Тілікті дағды.	Үнде сөйлеу таттығылар	Мақсарұза	Психолог
8	20.02.26	Балауыз	Ұл	Рахым	Белгідегі қызықты	Қандау көрсету	Мақсарұза	Психолог
9	30.09.25	Балауыз	Ұл	Амар малық берікші	дидарлық ұстап алу	Төкпе тартулы таттығылар Малық берікші сөйлеу.	Мақсарұза	Психолог
10	30.02.26	Күжирар	Қыз	Асель	Ұлығай	Топтық ойындар	Мақсарұза	Психолог
11	12.02.26	Балауыз	Ұл	Рахым	Тәртіп мәселі	Ата - Анамен түрлі	Мақсарұза	Психолог
12	26.02.26	Күжирар	Қыз	Мәкелә	Мәжаруға	Тыны алу таттығылар	Мақсарұза	Психолог

№ р/р	Күні	Кенес алушы			Сұраныс	Ұсыныстар	Ескерту	Консультант
		Жасы (тобы)	Жынысы	Есімі				
13	12.03.26	Күршірек	Ұл	Еркебулан	Тәртіп мәселі	Неке жүзінделуі	Бақылауда	Психолог
14	17.03.26	Күршірек	Қыз	Медина	Оқу дағдыда зәт	Пайымының айындау	Бақылауда	Психолог
15	27.03.26	Күршірек	Ұл	Еркебулан	Тәртіп мәселі	Неке жүзінделуі	Мақаруға	Психолог
16.	30.04.26	Күршірек	Ұл	Күршірек машағы	Сөйлеу дағдысі	Логопедия пункті	Бақылауда	Психолог
17.	16.04.26	Күршірек	Ұл	Гүлсезім машағы Аиша	маза сыз	Тықпал пайымындау	Мақаруға	Психолог

«АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
«Үйдегі ойын бұрышы» тақрыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты:

Ата-аналарға үй жағдайында баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін ойын бұрышын дұрыс ұйымдастыру бойынша кеңес беру.

Өткізілген күні: 20.10.2025 ж.

Қатысушылар саны: 13

Үйдегі ойын бұрышы не үшін қажет?

Ойын – мектепке дейінгі жастағы баланың негізгі іс-әрекеті. Арнайы ұйымдастырылған ойын бұрышы баланың танымдық қабілеттерін, қиялын, сөйлеу тілін, ұсақ моторикасын және шығармашылығын дамытуға көмектеседі.

Үйдегі ойын бұрышын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар:

Қолайлы орынды таңдаңыз

Жарық әрі қауіпсіз орын болуы керек.

Баланың еркін ойнауына жеткілікті кеңістік қарастырылуы қажет.

Ойыншықтарды дұрыс орналастырыңыз

Ойыншықтарбаланың қолы жететін жерде болуы тиіс. Әр ойын түріне жеке орын белгілеңіз.

Баланың жас ерекшелігін ескеріңіз:

Конструкторлар, пазлдар, сурет салу құралдары,

Дамытушы ойындар: Кітаптар мен ертегілер.

Қауіпсіздікті сақтаңыз: Сынғыш және өткір заттарды қоймаңыз.

Ойыншықтардың сапасы мен тазалығын қадағалаңыз. Баламен бірге ойнаңыз

Бірлескен ойын ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтады, баланың өзіне деген сенімділігін арттырады.

Баланы ойыннан кейін ойыншықтарын жинауға үйретіңіз.

Ойын барысында баланың бастамаларын қолдаңыз.

Күн сайын бірге ойнауға уақыт бөліңіз.

Баланың жетістіктерін мақтап, ынталандырып отырыңыз.

Қорытынды:

Үйдегі ойын бұрышы – баланың дамуына, өздігінен әрекет етуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін маңызды орта. Ата-ананың қолдауы мен қатысуы баланың толыққанды дамуына ықпал етеді.



Педагог-психолог

 Нуриманова.А.Д

«АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

педагог-психологтың

«Біз балалармен қалай сөйлесеміз?» тақырыбына өткізілген туралы

Ақпарат

Мақсаты: Ата-аналарға балалармен тиімді қарым-қатынас жасау жолдарын түсіндіру, бала мен ересек арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал ету.

Өткізілген күні: 24.10.2025 ж.

Қатысушылар саны: 10

Баламен дұрыс сөйлесу – оның тұлғалық дамуының, өзін қауіпсіз сезінуінің және өзіне деген сенімділігінің негізі.

Баламен қарым-қатынас жасаудың негізгі ережелері

1. Баланы мұқият тыңдаңыз

Бала сөйлеген кезде оның сөзін бөлмей, көз байланысын сақтап тыңдаңыз. Бұл оның пікірінің маңызды екенін сездіреді.

2. Жылы сөздерді жиі қолданыңыз

«Жарайсың!», «Мен саған сенемін!», «Сенің қолыңнан келеді!» деген сөздер баланың өзін-өзі бағалауын арттырады.

3. Баланың сезімдерін қабылдаңыз

Бала ренжісе немесе ашуланса, оның сезімін жоққа шығармаңыз. Мысалы: «Сенің ренжігеніңді түсініп тұрмын».

4. Бұйрық беруден гөрі түсіндіруге тырысыңыз

«Қазір жина!» деудің орнына «Ойыннан кейін ойыншықтарды жинасақ, бөлме таза болады» деп түсіндіріңіз.

5. Баланы басқа балалармен салыстырмаңыз

Әр баланың даму қарқыны әртүрлі екенін ұмытпаңыз.

Ата-аналарға ұсыныстар

Күн сайын балаңызбен кем дегенде 15–20 минут сөйлесуге уақыт бөліңіз.

Баланың сұрақтарына шыдамдылықпен жауап беріңіз.

Жиі мақтап, қолдау көрсетіңіз.

Дөрекі сөздер мен айкайдан аулақ болыңыз.

Балаға өз ойын еркін айтуға мүмкіндік беріңіз.

Қортынды:

Баламен жылы, сабырлы және сыйластыққа негізделген қарым-қатынас оның эмоционалдық саулығын нығайтып, жан-жақты дамуына ықпал етеді. Балаға айтылған әрбір сөз оның болашақтағы өзіндік бағасына әсер ететінін есте сақтаған жөн.

Педагог-психолог



Нуриманова.А.Д.

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
медбике өткізілген
«Отбасы денсаулығы үшін» тақрыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты: Отбасы мүшелерінің денсаулығын сақтау және нығайту бойынша ата-аналарға ұсыныстар беру. Отбасының денсаулығы – әрбір отбасының басты байлығы. Баланың дені сау болып өсуі ата-ананың күнделікті қамқорлығы мен дұрыс ұйымдастырылған өмір салтына байланысты.

Күні: 07.11.2025

Балабақша: 8

Дұрыс тамақтану: Көкөністер мен жемістерді күнделікті тұтыну, тәтті және газдалған сусындарды шектеу, тамақтану режимін сақтау.

Белсенді өмір салты:

Күн сайын таза ауада серуендеу, қимылды ойындар ойнау, таңертенгілік жаттығу жасау.

Жеке бас гигиенасы: қолды сабындап жиі жуу, тісті күніне екі рет тазалау, таза киім кию және бөлмені желдету.

Күн тәртібін сақтау:

Баланың жасына сәйкес ұйқы режимін ұйымдастыру, демалыс пен оқу әрекеттерін үйлестіру.

Аурулардың алдын алу: уақытылы медициналық тексеруден өту, әрігердің ұсынымдарын орындау, вакцинация күнтізбесін сақтау.

Ата-аналарға жеке ұсыныстар:

Отбасылық серуендерді жиі ұйымдастырыңыз.

Балаларға денсаулыққа пайдалы әдеттерді үлгі арқылы көрсетіңіз.

Телефон мен теледидар алдында өткізетін уақытты шектеңіз.

Үйде жағымды психологиялық ахуал қалыптастырыңыз.

Қорытынды:

Дені сау отбасы – бақытты отбасы. Салауатты өмір салтын ұстану арқылы сіз балаңыздың денсаулығын нығайтып, оның толыққанды дамуына жағдай жасайсыз.



Медбике: Рах Рахимова.И.Р.

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

педагог- психолог өткізілген

«Өз балаңызды білесіз бе?» такрыбына өткізілген туралы

Ақпарат

Максаты: Ата-аналардың баласының мінез-құлқын, қызығушылығын, сезімін түсіну деңгейін анықтау және балаға деген назарды күшейту.

Өткізілген күні: 14.11.2025 ж.

Қатысушылар саны: 6

Құрметті ата-аналар!

Кейде біз баламызбен бірге көп уақыт өткіземіз, бірақ оның ішкі әлемін толық түсіне бермейміз. Бүгінгі пікірталасымыздың максаты – «Мен өз баламды қаншалықты жақсы білемін?» деген сұраққа бірге жауап іздеу.

Талқылау сұрақтары:

Сіздің балаңыз нені жақсы көреді? Қандай ойыншықтар? Қандай мультфильмдер? Қандай ойындар?

Балаңыз не нәрседен қорқады немесе ренжиді? Қандай жағдайларда жылайды? Қалай тынышталады?

Балаңыздың ең жақын досы кім?

Балабақшадағы қарым-қатынасы қандай?

Балаңыз сізге өз сезімін ашық айта ма?

қуанышын, ренішін бөлісе ме?

«Менің балам» анкета:

- Баламның сүйікті ісі: _____
- Баламның мінез ерекшелігі: _____
- Баламды қуантатын нәрсе: _____
- Баламды ренжітетін жағдай: _____

Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөліседі:

- Баламен қарым-қатынастағы қиындықтар
- Баланың мінезін түсінудегі жағдайлар
- Күнделікті сөйлесу әдеттері

Есте сақтаңыз:

- Балаға күнделікті көңіл бөлу – сенімділік қалыптастырады
- Тыңдай білу – қарым-қатынасты жақсартады
- Сұрақ қою – баланың ашылуына көмектеседі

Қорытынды

Баланы жақсы білу – оның болашағына салынған ең үлкен инвестиция.



Педагог-психолог

Нуриманова.А.Д.

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

педагог- психолог өткізілген

«Ұсақ қол моторикасын дамытатын ойындар» тақырыбына өткізілген туралы

Ақпарат

Мақсаты: Ата-аналар мен педагогтарға балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту жолдарын түсіндіру, тәжірибе алмасу және тиімді ойын түрлерін көрсету.

Өткізілген күні: 18.11.2025 ж.

Қатысушылар саны: 10

Міндеттері:

- Ұсақ моториканың баланың сөйлеу және ойлау дамуына әсерін түсіндіру;
- Үй жағдайында қолдануға болатын ойындарды ұсыну;
- Ата-ана мен баланың бірлескен әрекетін дамыту.

Құрметті ата-аналар!

Ұсақ қол моторикасы – баланың саусақ бұлшықеттерінің қозғалысы. Бұл тек қол қимылы емес, ол баланың сөйлеу, ойлау, зейін және жазуға дайындық қабілетінің негізі болып табылады.

1. Сіздің балаңыз қолымен қандай әрекеттерді жиі жасайды?

- Жабыстыру, шашу, жинау
- Сурет салу
- Ұсақ заттармен ойнау

2. Үйде қандай ойындарды қолданасыз?

3. Балаңыздың қол икемділігін дамытуда қандай қиындықтар бар?

Ұсақ моторика дамыса:

- Сөйлеу тілі тез дамиды
- Жазуға дайындық жеңіл болады
- Зейін мен ойлау қабілеті артады

Ұсақ моториканы дамытатын ойындар

1. Моншақ тізу ойыны

Бала түрлі түсті моншақтарды жіпке тізеді.

✓ Саусақ икемділігі дамиды

2. Қысқышпен ойнау

Қысқышпен ұсақ заттарды (мақта, түйме) қысып алып басқа ыдысқа салу.

✓ Саусақ күшін дамытады

3. Ермексазбен мүсіндеу

Доп, жылан, жануарлар жасау.

✓ Қиял және моторика дамиды

4. Сурет салу және бояу

Қарындаш, бояу, фломастер қолдану.

✓ Қолдың дәл қозғалысын дамытады

5. Қағаз жырту және жабыстыру

Апликация жасау.

✓ Саусақ бұлшықеттерін күшейтеді

6. Түйме тағу ойыны

Киім түймелерін ағыту және тағу.

✓ Өзін-өзі күту дағдысын дамы

Ата-аналарға ұсыныс:

- Бір ойын түрін таңдап көрсету
- Баламен бірге орындау
- Қиындықтарды талқылау

Қорытынды пікір


Ата-аналар өз ойларымен бөліседі:

- Қай ойын тиімді болды
- Үйде қолдану мүмкіндігі
- Баланың қызығушылығы

Қорытынды:

Ұсақ моторика – баланың ақыл-ой дамуының маңызды негізі.

Күнделікті 10–15 минуттық ойындардың өзі баланың дамуына үлкен әсер береді.



Педагог-психолог

Нуриманова.А.Д.

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

педагог- психолог өткізілген

«Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-ана ұстанымдарының әсері» тақырыбына өткізілген туралы

Ақпарат

Мақсаты: Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі ұстанымдарының (тәрбие стилі, қарым-қатынас үлгісі) баланың тұлғалық дамуына әсерін түсіндіру, пікір алмасу ұйымдастыру. Бала тұлғасы – отбасындағы қарым-қатынас, ата-ананың сөзі, іс-әрекеті және ұстанымдары арқылы қалыптасады.

Өткізілген күні: 28.11.2025 ж.

Қатысушылар саны: 9

Сіз балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

- Қатаң талап қою арқылы ма?
- Жұмсақ түсіндіру арқылы ма?
- Еркіндік бере отырып па?

Сіздің ойыңызша, қайсысы тиімді:

- Қатаң бақылау ма, әлде еркіндік пе?

Тәрбие ұстанымдарының түрлері:

Авторитарлық (катаң) ұстаным

- Талап көп, түсіндіру аз
- Бала қорқақ немесе тұйық болуы мүмкін

Демократиялық (тең қарым-қатынас)

- Түсіндіру, қолдау, келісім
- Балада жауапкершілік пен сенім қалыптасады

Бейжай (немқұрайлы) ұстаным

- Назар аз, бақылау төмен
- Балада тәртіпсіздік немесе сенімсіздік болуы мүмкін

Топтық пікірталас

Ата-аналар үш топқа бөлінеді:

- «Қатаң тәрбие»
- «Еркін тәрбие»
- «Демократиялық тәрбие»

Әр топ өз ұстанымының артықшылықтары мен кемшіліктерін қорғайды.

Бала тұлғасы – күнделікті қарым-қатынастың нәтижесі.

Ата-ананың әр сөзі мен әрекеті баланың болашағына әсер етеді.

Ең маңыздысы:

- Баланы түсіну
- Қолдау көрсету
- Сыйластық қарым-қатынас орнату

Педагог-психолог



Нуриманова.А.Д

Ата-аналарға кеңес беру

Мектеп жасына дейінгі балаларға
арналған дұрыс тамақтану



Сіздің балаңыз ұзақ уақыт бойы ортақ үстелде отырды, өздігінен тамақтанады және ішеді. Ал ол не жейді? Ересектер сияқты ма? Сіз бұл дұрыс екеніне сенімдісіз-бірақ? Мектеп жасына дейінгі балалардың тамақтануы оның ас қорыту жүйесінің ерекшеліктерін ескеруі керек, ол әлі күшейген жоқ және қалыптасқан жоқ. 5 жастағы немесе 6 жастағы баланың диетасы оңай сіңетін компоненттерден тұруы керек .



Мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тамақтануы. Негізгі принциптер келесідей:

- энергетикалық құндылық жасына сәйкес болуы керек: таңғы ас тәуліктік энергетикалық құндылықтың 25%, түскі ас - 40% дейін болуы керек. түстен кейінгі тағамдар-15%. ал кешкі ас 20%;

- мектепке дейінгі баланың тамақтану режимін ата-аналар немесе мектепке дейінгі мекеме санитарлық нормаларды сақтай отырып ұйымдастырады; тамақтану сағаттары қатаң тұрақты, күніне кемінде 4 рет болуы керек .

- барлық тағамдық факторлар теңдестірілген болуы керек ; мәзір аздап кеңейеді.

Сондай-ақ, тыйым салынған ащы дәмдеуіштер мен саңырауқұлақтар. Сіз тағамдарды пияз, сарымсақ және ет немесе балыққа арналған жеке тұздықтарда өте аз мөлшерде бұрышпен аздап ащы ете аласыз . Дәнді дақылдардан арпа, тары - оларда талшық бар.



Мектеп жасына дейінгі баланың диетасында: жылы және ыстық тамақ күнделікті рационның 3/4 бөлігі емес. Әрине, негіз-ет, балық, сүт өнімдері, макарон, жарма, нан, көкөністер мен жемістер.

Ақуыз. Дене өседі, тек ақуыз құрылыс материалы болып табылады. Ақуыздың қайнар көзі-ет, егер ол бұзау еті, тауық еті және күркетауық болса жақсы. Балықты майсыз қабылдаған жөн: треска, Уолли, хек, Поллок, қызғылт лосось.

Баланы нәзіктіктермен - уылдырықпен, ысталған етпен емдемеңіз. Сіз асқазанның нәзік шырышты қабығының тітіркенуін және 0% пайдасын ала аласыз. Сіз балаға тамақ дайындаған кезде қуыруға жүгіне аласыз, бірақ қатты қуыруға болмайды, бірақ котлеттер мен майшабақтарды немесе тұздықта бумен пісірген дұрыс.

Баланың диетасының әр күні сүт өнімдерінен тұруы керек екенін ұмытпаңыз. Бұл ашытылған сүт болуы мүмкін-айран, йогурт, ашытылған сүт, сүзбе 5% - дан аспайды, сүт. Сүт өнімдерін десерттерге, кәстрөлдерге, ботқа, бутербродтарға қосыңыз.



Біз баланы күн сайын көкөністермен, жемістермен және шырындармен тамақтандырамыз. Тәулігіне мектеп жасына дейінгі бала 250 г көкөніс, 200 г дейін картоп, жемістер мен жидектерді 250 г дейін алуы керек сіздің балаңыз витаминдерді тек жаңа піскен көкөністер мен жемістерден ала алады. Қандай көкөністер? Бұл қырыққабат, қияр, қызанақ, шалғам, салат, аскөк және ақжелкен болсын. Шырындар мен шырындар да күн сайын беріңіз. Егер сіз жаңа шырын бере алмасаңыз, балалар тағамына арналған шырындарды сатып алыңыз.

Нан Дұрыс таңдаңыз, бастап тұтас дәндер, қара бидай, және ұннан жасалған макарон қатты бидай. Күніне 20 г - нан аспайтын сары май және өсімдік майы (10 г), әрине, біз оны дайын тағамдарда жақсы қолданамыз. Кешке балаға майлы тамақ бермеңіз, түнде балада асқазан белсенділігі айтарлықтай төмендейді, ал егер тамақ ұйқыға дейін пісіруге уақыт болмаса, содан кейін ас қорыту проблемаларын ғана емес, сонымен қатар қатты ұйқыны да алыңыз!



Ата-ана тағы не білуі керек?

1. Егер сіз балаңызды баладан кейін үйде тамақтандырсаңыз- иә, кетер алдында күннің мәзірін қараңыз.

Пісірмеңіз- ол жеген тағамдар немесе тағамдар.

2. Күнделікті тамақтануға арналған негізгі өнімдер тізімделді, бірақ олар қатты ірімшік сияқты қаймақ, жұмыртқа, балық-күнделікті қабылдау үшін емес. 2 күнде 1 рет.

3. Қауіпсіз тағамды пісіріңіз, мысалы, ет тұтас емес. ал бала тұншығып қалмас үшін туралған.

4. Балыққа да қатысты: бәрін бір сүйекке дейін алыңыз немесе тартылған ет жасаңыз.

5. Бала қандай да бір тағамды жеуден бас тартады, көндірмеңіз, мәжбүрлемеңіз, неге қаламайтынын сұраңыз, өзіңіз көріңіз. Сіз де бәрін жей бермейсіз, рецептті өзгертіңіз немесе сол өнімді басқа тағамға қосыңыз.

6. Бала таза ауыз суды қанша мөлшерде іше алады, бірақ қантты сусындарды бақылау және шектеу керек, әсіресе дүкендегі сусындарға қатысты.

Бұл жаста қант мөлшері күніне 50 г құрайды.

Тәтті, газдалған суда бұл 7 есе артық!

Мұндай сусын сатып алмас бұрын ойланыңыз.

7. Тағамның жалпы калория мөлшері шамамен 1800 ккал құрайды. күніне салмағы бойынша бала шамамен 1,5 кг тамақ жеуі керек.

ИЯ, мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тамақтануын бөлек дайындау қиын ,бірақ сіз өзіңіз үшін де, ересек адам үшін де ащы, майлы, тәтті тағамсыз дұрыс пайдалы тағам дайындауға болады. Ал артықшылық- көкөністер, жемістер. Бұл әлі де керемет үлгі болады- балаға арналған ром және отбасылық денсаулықтың кепілі!



АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МККК
педагог-психолог өткізілген
«Кішкентай суретші» тақырыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын нығайту, ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты күшейту. Баланың шығармашылық қабілеті ерте жастан дамиды. Сурет салу – мектепке дейінгі жастағы балалардың ең маңызды әрекеттерінің бірі. Ол арқылы бала өз ойы мен сезімін бейнелейді, қиялын дамытады.

Өткізілген күні: 05.12.2025 ж.

Қатысушылар саны: 10

Сурет салудың бала дамуына әсері:

- Қиялын дамытады – бала өз әлемін бейнелейді
- Ұсақ қол моторикасын жетілдіреді – саусақ бұлшықеттері нығаяды
- Сөйлеу тілін дамытады – салған суретін әңгімелеп береді
- Эмоцияны білдіруге көмектеседі – қуаныш, қорқыныш, ренішті көрсетеді
- Зейін мен есте сақтауды арттырады

Ата-аналарға ұсыныс:

- Баланы сурет салуға жиі ынталандырыңыз
- «Дұрыс емес» деп сынамаңыз
- Суреті туралы сұрақ қойыңыз: «Не салдың?», «Қандай түстер қолдандың?»
- Үйде шағын «сурет бұрышын» ұйымдастырыңыз
- Баланың еңбегін мақтап отырыңыз

Қорытынды:

Сурет салу – тек өнер емес, ол баланың тұлғалық дамуының маңызды құралы. Әр бала – кішкентай суретші, ал ата-ана – оның басты қолдаушысы.



Педагог-психолог

Нуриманова.А.Д

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

медбике өткізілген

«Дене дамуында қозғалыс белсенділігінің рөлі және балалардың денсаулығы»
тақырыбына өткізілген туралы

Ақпарат

Мақсаты:

Ата-аналарға балалардың денсаулығын нығайтуда қозғалыс белсенділігінің маңызын түсіндіру және күнделікті өмірде қолданылатын тиімді тәсілдерді ұсыну.

Өткізілген күні: 12.12.2025 ж.

Қатысушылар саны: 11

Құрметті ата-аналар!

Баланың денсаулығы мен дұрыс дамуы үшін қозғалыс белсенділігі өте маңызды. Қозғалыс – баланың тек денесін емес, ми жұмысын, көңіл күйін және жалпы дамуын жақсартады.

Қозғалыс белсенділігінің маңызы

1. Дене дамуын жақсартады:

- Бұлшық еттерді нығайтады
- Дене сымбатын қалыптастырады
- Төзімділікті арттырады

2. Иммунитетті күшейтеді:

- Ауруға қарсы тұру қабілеті артады
- Жиі ауырудың алдын алады

3. Ми қызметін дамытады:

- Зейін мен есте сақтау жақсарады
- Ойлау қабілеті дамиды

4. Эмоциялық жағдайды жақсартады:

- Күйзелісті азайтады
- Көңіл күйді көтереді

Ата-аналарға ұсыныстар:

- ✓ Баламен күн сайын кемінде 1–2 сағат таза ауада серуендеу
- ✓ Қимылды ойындарды ұйымдастыру (жүгіру, секіру, доп ойнау)
- ✓ Таңертеңгілік жаттығу жасау
- ✓ Телефон мен гаджет уақытын шектеу
- ✓ Баланы спорт үйірмелеріне беру (жас ерекшелігіне сай)


Үйде жасалатын қарапайым жаттығулар:

- Орнында секіру
- Еңкейу, созылу жаттығулары
- Доп лақтыру және қағып алу
- «Жасырынбак», «Қуып жету» ойындары

Қорытынды:

Қозғалыс – баланың денсаулығы мен дамуының негізі. Белсенді бала – дені сау, көңілді және өмірге құштар бала.

Медбике



Рахимова.И.Р.

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
Педагог-психолог өткізілген «Отбасы тәрбиесінің баланың дамуына әсері»
такрыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты:

Ата-аналарға отбасы тәрбиесінің баланың жан-жақты дамуына тигізетін әсері туралы түсінік беру, бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті арттыру және отбасындағы жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру.

Өткізілген күні: 16.01.2026 ж.

Қатысушылар саны: 7

Отбасы – баланың ең алғашқы тәрбиелік ортасы. Баланың мінез-кұлқы, дүниетанымы, қарым-қатынас мәдениеті мен адамгершілік қасиеттері ең алдымен отбасында қалыптасады. Ата-ананың балаға деген қамқорлығы, сүйіспеншілігі мен қолдауы оның тұлғалық дамуына оң ықпал етеді.

Отбасындағы жылы қарым-қатынас баланың өзіне деген сенімін арттырады, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастырады және қоршаған ортамен дұрыс байланыс орнатуына көмектеседі. Ал отбасындағы жанжалдар мен түсініспеушіліктер баланың психологиялық жағдайына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Бала тәрбиесінде ата-ананың жеке үлгісі ерекше маңызды. Балалар көбіне үлкендердің іс-әрекетін қайталайды. Сондықтан ата-аналар өз мінез-кұлқымен, сөйлеу мәдениетімен және өмір салтымен балаға жақсы үлгі болуы қажет.

Ата-аналарға кеңес:

- Балаңызға күн сайын жылы сөз айтып, қолдау көрсетіңіз.
- Оның пікірін тыңдап, ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік беріңіз.
- Бала жетістіктерін мадақтап, ынталандырып отырыңыз.
- Отбасылық дәстүрлерді қалыптастырыңыз.
- Балаға жеткілікті уақыт бөліп, бірге демалыс ұйымдастырыңыз.
- Тәрбие барысында мейірімділік пен талапты үйлестіре біліңіз.

Қорытынды:

Отбасы тәрбиесі – баланың болашағының берік іргетасы. Отбасында алған тәрбие мен көрген үлгі баланың тұлға болып қалыптасуына, білім алуына және қоғамда өз орнын табуына үлкен әсер етеді. Сондықтан әрбір ата-ана бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, оның жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауы қажет.

Педагог – психолог  А.Д. Нуриманова

« АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

медбике өткізілген Бала өміріндегі күн тәртібі және

«Тазалықшылар» тақырыбына өткізілген туралы

Ақпарат

Мақсаты:

Балалардың денсаулығын нығайту, уақытты тиімді пайдалануға үйрету, жеке бас тазалығын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.

Өткізілген күні: 16.01.2026 ж.

Қатысушылар саны: 7

Күн тәртібі – баланың дұрыс өсіп-жетілуінің, денсаулығының мықты болуының және оқу мен ойын әрекеттерін тиімді ұйымдастырудың негізгі шарты. Белгілі бір уақытқа жоспарланған күн тәртібі баланы тәртіпке, жауапкершілікке және ұқыптылыққа тәрбиелейді.

Баланың күн тәртібінде ұйқы, тамақтану, серуендеу, оқу және демалыс уақыты дұрыс бөлінуі қажет. Уақытында ұйықтап, уақытында ояну баланың жүйке жүйесінің дұрыс дамуына ықпал етеді.

Жеке бас тазалығы – денсаулық кепілі. Баланы кішкентай кезінен тазалық сақтауға үйрету маңызды. Қолды сабынмен жиі жуу, тісті күніне екі рет тазалау, тырнақты уақытылы алу, таза киім кию және бөлмені таза ұстау түрлі аурулардың алдын алады.

Ата-аналарға кеңес:

- Балаға тұрақты күн тәртібін құрыңыз және оны сақтауға көмектесіңіз.
- Таңертеңгілік жаттығу жасауға дағдыландырыңыз.
- Баланың дұрыс және уақытылы тамақтануын қадағалаңыз.
- Жеке бас тазалығы ережелерін күнделікті еске салып отырыңыз.
- Бөлмені желдетіп, тазалық жұмыстарын бірге орындаңыз.
- Өз үлгіңіз арқылы тазалық пен тәртіптің маңызын көрсетіңіз.

Қорытынды

Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі мен тазалық дағдылары баланың денсаулығын сақтауға, тәртіпті және жауапты болып өсуіне көмектеседі. Тазалық пен тәртіпке баулу – бала тәрбиесінің маңызды бөлігі.



Медбике

Рахимова.И.Р.

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
педагог- психолог өткізілген
«Біз бақытты отбасымыз» тақырыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты:

Ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қарым-қатынасты нығайту, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сүйіспеншілігін, сыйластығын арттыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу және ынтымақтастық дағдыларын дамыту.

Өткізілген күні: 24.10.2026 ж.

Қатысушылар саны: 10

«Біз бақытты отбасымыз» тренингі отбасы мүшелерінің өзара түсіністігін қалыптастыруға, эмоционалдық жақындықты арттыруға бағытталған. Тренинг барысында қатысушылар түрлі ойындар, жаттығулар және пікір алмасу арқылы отбасының маңыздылығын түсінеді. Сонымен қатар, ата-аналар мен балалар арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға, бір-бірін қолдауға және отбасындағы жылы атмосфераны сақтауға ықпал етеді.

- Отбасы құндылықтарын насихаттау;
- Ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту;
- Өзара сыйластық пен қолдау көрсету дағдыларын дамыту;
- Отбасылық дәстүрлердің маңызын түсіндіру;
- Қатысушылардың жағымды эмоциялық көңіл-күйін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Қатысушылар отбасының қоғамдағы және жеке өмірдегі маңызын түсінеді, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас жақсарып, өзара сенім мен қолдау артады.



Педагог-психолог: А.Нурманова. _____

Тәрбиеші: А.Мурат. _____

Тәрбиеші: Г.Курманова. _____

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
тәрбиеші өткізілген
«Мен және менің отбасым» тақырыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты:

Отбасы мүшелерін салауатты өмір салтын ұстануға баулу, ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту, дене шынықтыруға қызығушылықтарын арттыру және отбасылық бірлікті қалыптастыру.

«Мен және менің отбасым» спорттық жарысы – ата-аналар мен балалардың бірлесіп қатысуына арналған көңілді спорттық сайыс. Жарыс барысында қатысушылар түрлі эстафеталық ойындар мен спорттық тапсырмаларды орындайды. Шара отбасылар арасындағы достық қарым-қатынасты дамытып, ұйымшылдыққа, шапшандыққа және белсенді өмір салтын ұстануға тәрбиелейді.

Міндеттері:

- Балалар мен ата-аналарды спортпен шұғылдануға ынталандыру;
- Отбасылық қарым-қатынасты нығайту;
- Ептілік, жылдамдық және төзімділік қасиеттерін дамыту;
- Командалық рух пен өзара қолдауды қалыптастыру;
- Салауатты өмір салтын насихаттау.

Күтілетін нәтиже:

Қатысушылардың спортқа деген қызығушылығы артады, отбасы мүшелері арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық нығаяды, балалардың денсаулығын сақтауға және дамытуға деген жауапкершілік қалыптасады.

Тәрбиеші:  А.БЕКБОСЫНОВА.

АЙГОЛЕК» БОБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
Педагог-психолог өткізілген
«Бояулар сыр шертеді» тақрыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялын, эстетикалық талғамын қалыптастыру және бояулар арқылы өз ойы мен сезімін еркін жеткізуге үйрету.

Өткізілген күні: 06.02.2026 ж.

Қатысушылар саны: 15

Ақпарат

«Бояулар сыр шертеді» сурет салу іс-әрекеті балалардың шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған. Сурет салу барысында балалар түрлі түстерді ажыратып, оларды үйлесімді қолдануды үйренеді. Сонымен қатар, қоршаған ортаға деген қызығушылығы артып, әсемдікті сезіне білу қабілеті дамиды.


Бояулармен жұмыс жасау баланың ұсақ қол моторикасын жетілдіреді, зейінін, есте сақтау қабілетін және қиялын дамытады. Балалар сурет арқылы өз көңіл-күйін, армандарын және қоршаған әлем туралы түсініктерін бейнелейді.

Міндеттері:

- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Түстерді ажырата білуге және үйлестіре қолдануға үйрету;
- Эстетикалық талғамын қалыптастыру;
- Ұқыптылыққа және еңбекқорлыққа тәрбиелеу;
- Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Балалар бояуларды дұрыс пайдалана алады, сурет салуға қызығушылығы артады, шығармашылық ойлауы мен қиялы дамиды, өз жұмыстарын ұқыпты орындауға дағдыланады.



Педагог – психолог Мурму А.Д. Нуриманова

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

Тәрбиеші өткізілген

«Баланы жомарттыққа қалай үйрету керек?»

тақырыбына өткізілген туралы

Ақпарат

Мақсаты:

Ата-аналарға балаларды жомарттыққа, мейірімділікке және өзгелерге қамқорлық көрсетуге тәрбиелеудің маңызын түсіндіру.

Өткізілген күні: 13.02.2026 ж.

Қатысушылар саны: 7

Жомарттық – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Жомарт бала айналасындағы адамдарға көмектесуге дайын тұрады, өзгенің қуанышы мен мұңына ортақтаса біледі. Бұл қасиет балаға туа бітпейді, ол отбасындағы тәрбие арқылы қалыптасады.

Бала ең алдымен ата-анасының іс-әрекетіне қарап өседі. Сондықтан үлкендердің өзгелерге көмек көрсетуі, мейірімділік танытуы және қайырымдылық жасауы балаға жақсы үлгі болады. Жомарттық тек материалдық көмек емес, ол жылы сөз айту, қолдау көрсету, қамқорлық таныту сияқты әрекеттерден де көрінеді.

Баланы кішкентай кезінен ойыншықтарын бөлісуге, достарына көмектесуге, үлкендерді құрметтеуге және кішіге қамқор болуға үйреткен жөн. Осындай қарапайым әрекеттер оның бойында жомарттық пен жанашырлық қасиеттерін дамытады.

Ата-аналарға кеңес:

- Балаңызға өз үлгіңізбен жомарттық көрсетіңіз.
- Ойыншықтарын және заттарын бөлісуге үйретіңіз.
- Жақсы істері үшін мақтап, қолдау көрсетіңіз.
- Қайырымдылық және көмек көрсету шараларына бірге қатысыңыз.
- Басқалардың сезімін түсінуге тәрбиелеңіз.
- «Рақмет», «Көмектесейін», «Өтінемін» сияқты ізгі сөздерді қолдануға дағдыландырыңыз.

Қорытынды

Жомарттық – балаға өмір бойы серік болатын құнды қасиет. Отбасындағы дұрыс тәрбие, ата-ананың өнегелі үлгісі және мейірімді қарым-қатынас арқылы бала жомарт, қамқор және адамгершілігі мол тұлға болып қалыптасады.

Тәрбиеші  А.Колбаева.

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

Тәрбиеші өткізілген «Ал, кәнеки, ойнайық!» тақрыбына өткізілген туралы Ақпарат

Мақсаты:

Балалардың ойын арқылы танымдық қабілеттерін, ойлауын, қиялын, тіл байлығын және қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Ақпарат

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын барысында бала қоршаған ортаны танып-біледі, достарымен қарым-қатынас жасауды үйренеді және өз қабілеттерін дамытады.

«Ал, кәнеки, ойнайық!» ойын сабағы балалардың белсенділігін арттырып, қызықты тапсырмалар арқылы олардың ойлау, есте сақтау, зейін қою және шапшаңдық қасиеттерін жетілдіруге бағытталған. Ойын кезінде балалар бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс жасап, ережені сақтауға және ұйымшылдыққа үйренеді.

Міндеттері:

- Балалардың танымдық белсенділігін арттыру;
- Ойын арқылы ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту;
- Ұжымда бірлесіп әрекет етуге тәрбиелеу;
- Шапшаңдыққа, ептілікке және ұйымшылдыққа баулу;
- Жағымды көңіл-күй қалыптастыру.

Ойын түрлері:

- «Кім жылдам?»;
- «Түсті тап»;
- «Ғажайып қапшық»;
- «Қимылды қайтала»;
- «Дыбысты таны».

Күтілетін нәтиже:

Балалардың ойынға қызығушылығы артады, ойлау қабілеті мен зейіні дамиды, достарымен еркін қарым-қатынас жасап, ойын ережелерін сақтауға дағдыланады. Ойын арқылы жағымды эмоция алып, белсенділік танытады.

Тәрбиеші  Ә.Денгелбай

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
әдіскер өткізілген «Виртуалдық кеңес беру пункті» тақырыбына өткізілген туралы

Ақпарат

МДҰ-ның сайты арқылы сұрақ-жауап

Мақсаты:

Ата-аналарға мектепке дейінгі ұйым мамандарынан қашықтықтан кеңес алу мүмкіндігін ұсыну, бала тәрбиесі мен дамуына қатысты сұрақтарға жедел жауап беру.

Виртуалдық кеңес беру пункті – ата-аналарға ыңғайлы уақытта мектепке дейінгі ұйымның ресми сайты арқылы өздерін толғандырған сұрақтарды қоюға және мамандардан кеңес алуға мүмкіндік беретін қызмет түрі.

Кеңес беру барысында меңгеруші, әдіскер, психолог, логопед, медбике және педагогтер бала тәрбиесі, дамуы, денсаулығы, мектепке дайындығы және басқа да мәселелер бойынша қажетті ақпарат береді.

Сұрақ-жауап үлгілері:

Сұрақ: Балам балабақшаға үйренісе алмай жүр. Не істеу керек?

Жауап: Баланы біртіндеп бейімдеу қажет. Үйде балабақша туралы жағымды әңгімелер айтып, күн тәртібін сақтауға көңіл бөліңіз. Тәрбиешімен тұрақты байланыста болған жөн.

Сұрақ: Баланың сөйлеу тілін дамыту үшін не істеуге болады?

Жауап: Балаңызбен жиі сөйлесіп, ертегі оқып беріңіз, суреттер бойынша әңгіме құрастырыңыз және саусақ ойындарын ұйымдастырыңыз.

Сұрақ: Баланы мектепке дайындаудың негізгі жолдары қандай?

Жауап: Баланың ұсақ моторикасын, сөйлеуін, есте сақтауын және зейінін дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды жүйелі түрде өткізу қажет.

Сұрақ: Баланың төбеті төмен болса не істеу керек?

Жауап: Тамақтану тәртібін сақтап, таза ауада серуендеуді көбейтіңіз. Егер мәселе ұзақ уақыт сақталса, дәрігердің кеңесіне жүгініңіз.

Қорытынды

Виртуалдық кеңес беру пункті ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы байланысты нығайтып, бала тәрбиесі мен дамуына қатысты өзекті мәселелерді уақытылы шешуге мүмкіндік береді. Ата-аналар өз сұрақтарын сайт арқылы жолдап, білікті мамандардың көмегін ала алады.

Әдіскер:  А.Мурат

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

Педагог-психолог өткізілген «Баланы таяқсыз тәрбиелеуге болады» тақрыбына өткізілген туралы Ақпарат

Мақсаты:

Ата-аналарға баланы күш қолданбай тәрбиелеудің тиімді жолдарын түсіндіру, отбасында мейірімді және сенімді қарым-қатынас қалыптастыруға ықпал ету.

Өткізілген күні: 13.03.2026 ж.

Қатысушылар саны: 9

Бала тәрбиесінде ұрып-соғу, қорқыту немесе қатты жазалау оң нәтиже бермейді. Керісінше, баланың қорқынышын күшейтіп, өзіне деген сенімін төмендетуі мүмкін. Баланы тәрбиелеуде ең тиімді құралдар – сүйіспеншілік, түсіністік, сабырлылық және дұрыс бағыт-бағдар беру.

Бала қателік жасаған кезде оның себебін түсіндіріп, дұрыс әрекетті көрсету маңызды. Ата-ананың жылы қарым-қатынасы мен қолдауы баланың өзін қауіпсіз сезінуіне және жақсы қасиеттерді бойына сіңіруіне көмектеседі.

Ата-аналарға кеңес:

- Баламен сабырлы және сыйластықпен сөйлесіңіз.
- Оның пікірін тыңдап, ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік беріңіз.
- Жақсы іс-әрекеттерін мақтап, ынталандырып отырыңыз.
- Отбасында бәріне ортақ ережелер белгілеңіз.
- Қателігін түсіндіріп, дұрыс жолын көрсетіңіз.
- Баланы өзгелермен салыстырмаңыз.
- Өз мінез-құлқыңызбен жақсы үлгі болыңыз.
- Балаға сүйіспеншілік пен қамқорлықты жиі көрсетіңіз.

Қорытынды:

Таяқсыз тәрбие – баланың тұлғалық дамуына оң әсер ететін ең тиімді тәрбие тәсілдерінің бірі. Мейірім мен түсіністікке негізделген тәрбие арқылы бала өзін құрметтеуді, жауапкершілікті және айналасындағы адамдарға сыйластықпен қарауды үйренеді. Бақытты отбасының негізі – өзара сенім мен сүйіспеншілік.

Педагог – психолог:  А.Нуриманова

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
Педагог-психолог өткізілген
«Заттық ойын арқылы баланы дамыту»
такрыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты:

Ата-аналарға заттық ойындардың бала дамуына тигізетін әсері туралы ақпарат беру және оларды үй жағдайында тиімді пайдалануға бағыттау.

Өткізілген күні: 18.03.2026 ж.

Қатысушылар саны: 6

Заттық ойындар – баланың қоршаған ортаны тануына, ойлау қабілетін дамытуға және жаңа дағдыларды меңгеруіне көмектесетін маңызды құрал. Мұндай ойындар барысында бала түрлі заттарды ұстап көреді, салыстырады, құрастырады, олардың қасиеттерін зерттейді.

Заттық ойындар баланың ұсақ қол моторикасын, зейінін, есте сақтау қабілетін, қиялын және сөйлеу тілін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бала ойын арқылы түстерді, пішіндерді, көлемдерді ажыратып, қарапайым логикалық байланыстарды түсінуді үйренеді.

Ата-аналарға кеңес:

- Баланың жас ерекшелігіне сәйкес ойыншықтар таңдаңыз.
- Құрастырғыштармен, текшелермен және пирамидамен ойнауға мүмкіндік беріңіз.
- Ойын кезінде заттардың түсін, пішінін және көлемін атап отырыңыз.
- Балаға заттарды салыстыру, топтастыру тапсырмаларын беріңіз.
- Ойын барысында сұрақтар қойып, сөйлесуге ынталандырыңыз.
- Баланың жетістіктерін мадақтап, қызығушылығын қолдаңыз.

Ұсынылатын ойындар:

- «Түстерді тап»
- «Пішіндерді сәйкестендір»
- «Мұнара құрастыр»
- «Артығын тап»
- «Ғажайып қапшық»

Қорытынды

Заттық ойындар баланың жан-жақты дамуына үлкен мүмкіндік береді. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны танып, ойлау, сөйлеу және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Сондықтан ата-аналар баламен бірге ойнап, оның танымдық белсенділігін үнемі қолдап отырғаны жөн.

Педагог – психолог  А.Нуриманова

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
Тәрбиеші өткізілген
« Менің досым доп »
такрыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты:

Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, доппен ойнау дағдыларын қалыптастыру, ептілігін, шапшаңдығын және үйлесімді қозғалысын дамыту.

Доп – балалардың ең сүйікті ойын құралдарының бірі. Доппен орындалатын ойындар балалардың дене дамуына оң әсер етіп, қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, ойын барысында балалар ұйымшылдыққа, достыққа және ойын ережелерін сақтауға үйренеді.

«Менің досым – доп» ойын сабағында балалар допты домалату, лақтыру, қағып алу және нысанаға дәл тигізу сияқты жаттығуларды орындайды. Бұл ойындар олардың қол-аяқ бұлшықеттерін дамытып, қозғалыс үйлесімділігін арттырады.

Міндеттері:

- Доппен ойнау дағдыларын қалыптастыру;
- Қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту;
- Ептілікке, шапшаңдыққа және дәлдікке тәрбиелеу;
- Бірлесіп ойнауға және достық қарым-қатынасқа баулу;
- Салауатты өмір салтына қызығушылықтарын арттыру.

Ойын түрлері:

- «Допты қағып ал»
- «Допты домалат»
- «Нысанаға дәл тигіз»
- «Кім жылдам?»
- «Допты досыңа бер»

Күтілетін нәтиже:

Балалар доппен еркін ойнай алады, қимыл-қозғалыс дағдылары жетіледі, ептілігі мен шапшаңдығы артады, ойын барысында ұйымшылдық пен достық қарым-қатынас қалыптасады.

Тәрбиеші:



Г.Курманова

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
Медбике өткізілген
« Денсаулық зор байлық »
тақырыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты:

Ата-аналарға және балаларға денсаулықтың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Ақпарат

Денсаулық – адам өміріндегі ең басты байлық. Денсаулығы мықты адам білім алып, еңбек етіп, өз мақсатына жете алады. Сондықтан денсаулықты сақтау әр адамның өз қолында.

Баланың денсаулығын нығайту үшін дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау, таза ауада серуендеу, дене жаттығуларымен айналысу және жеке бас тазалығын сақтау өте маңызды. Сонымен қатар, жеткілікті ұйқы мен жағымды көңіл-күй де денсаулыққа оң әсер етеді.

Отбасында салауатты өмір салтын қалыптастыру баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға көмектеседі. Ата-ананың жақсы үлгісі балаға дұрыс әдеттерді меңгеруге ықпал етеді.

Ата-аналарға кеңес:

- Балаңыздың күн тәртібін сақтаңыз.
- Дұрыс әрі дәрумендерге бай тағамдар беріңіз.
- Күн сайын таза ауада серуендеңіз.
- Танертеңгілік жаттығу жасауға дағдыландырыңыз.
- Жеке бас тазалығын сақтауға үйретіңіз.
- Баланың уақытылы демалып, жеткілікті ұйықтауын қадағалаңыз.
- Компьютер мен телефонды пайдалану уақытын шектеңіз.

Қорытынды

Денсаулық – баға жетпес байлық. Денсаулығы мықты бала белсенді, көңілді және білім алуға құштар болады. Сондықтан әрбір отбасы бала денсаулығын сақтауға ерекше көңіл бөліп, салауатты өмір салтын қалыптастыруы қажет.

Медбике:  И.Рахимова

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
Тәрбиеші өткізілген
«Баланы киінуге қалай үйрету керек?»
тақырыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты:

Ата-аналарға баланы өздігінен киініп-шешінуге үйретудің маңызын түсіндіру және күнделікті өмірде қолдануға болатын тиімді тәсілдерді ұсыну.

Баланың өз бетінше киіне білуі – оның дербестігінің қалыптасуының маңызды кезеңдерінің бірі. Киіну барысында бала ұсақ қол моторикасын дамытады, зейінін шоғырландырады және өзіне қызмет көрсету дағдыларын меңгереді.

Баланы киінуге үйрету үшін шыдамдылық пен жүйелілік қажет. Алғашқы кезде балаға киімдерін дұрыс ретпен киюді көрсетіп, көмектескен жөн. Уақыт өте келе бала бұл әрекеттерді өздігінен орындауға дағдыланады.

Ата-аналарға кеңес:

- Балаға киюге ыңғайлы киімдер таңдаңыз.
- Киіну ретін қарапайым тілмен түсіндіріңіз.
- Алдымен жеңіл әрекеттерден бастаңыз (бас киім кию, аяқ киім кию).
- Баланың өздігінен әрекет жасауына мүмкіндік беріңіз.
- Асықтырмай, сабыр сақтаңыз.
- Әр жетістігін мақтап, қолдау көрсетіңіз.
- Киінуді ойын түрінде ұйымдастырыңыз.
- Киімдерді бала оңай алатындай жерге орналастырыңыз.

Есте сақтаңыз:

Балаға көмектесу маңызды, бірақ оның орнына бәрін жасап беру дербестігінің дамуын тежейді. Сондықтан балаға өздігінен әрекет етуге мүмкіндік берген дұрыс.

Қорытынды

Өздігінен киіне алатын бала жауапкершілікті, ұқыптылықты және сенімділікті меңгереді. Ата-ананың қолдауы мен мақтауы баланың бұл дағдыны тез әрі қызығушылықпен игеруіне көмектеседі. Балаға сенім артып, әрбір жетістігін бағалау – табысты тәрбиенің негізі.

Тәрбиеші:  **Ә.Денгелбай.**

АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

Тәрбиеші өткізілген

«Мектеп жасына дейінгі балаларды кітап оқуға қалай қызықтыру керек?»
тақырыбына өткізілген туралы

Ақпарат

Мақсаты:

Ата-аналарға балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру жолдарын түсіндіру және кітапқа сүйіспеншілік қалыптастыруға көмектесу.

Кітап – баланың тілін дамытатын, қиялын байытатын және дүниетанымын кеңейтетін маңызды құрал. Мектеп жасына дейінгі кезеңде кітапқа деген қызығушылықты қалыптастыру баланың болашақта білім алуға ынтасын арттырады.

Балалар көбіне үлкендерге еліктейді. Сондықтан ата-ананың кітап оқуы, кітап туралы әңгімелеуі және бірге кітап қарауы балаға жақсы үлгі болады. Кітап оқу қызықты әрі жағымды әсер қалдыруы тиіс.

Ата-аналарға кеңес:

- Күн сайын балаға ертегі немесе қысқа әңгіме оқып беріңіз.
- Суреттері көп, жас ерекшелігіне сай кітаптар таңдаңыз.
- Кейіпкерлердің дауысын салып, мәнерлеп оқыңыз.
- Оқыған ертегі бойынша сұрақтар қойып, пікірін сұраңыз.
- Үйде шағын кітап бұрышын ұйымдастырыңыз.
- Балаға кітапты өз бетінше парақтауға мүмкіндік беріңіз.
- Кітапханаға немесе кітап көрмелеріне бірге барыңыз.
- Кітап оқуды күнделікті дәстүрге айналдырыңыз.

Баламен талқылауға болатын сұрақтар:

- Ертегіде саған қай кейіпкер ұнады?
- Кейіпкер не үшін олай жасады деп ойлайсың?
- Сен оның орнында болсаң не істер едің?
- Ертегінің қай жері қызықты болды?

Қорытынды

Кітапқа қызығушылық бала кезден қалыптасады. Ата-ананың қолдауы, бірге кітап оқу және қызықты шығармаларды таңдау арқылы бала кітапты жақсы көріп, оқу мәдениетін меңгереді. Кітап оқитын бала – ой-өрісі кең, тілі бай және шығармашыл тұлға болып өседі.

Тәрбиеші:  А.Мурат

АЙГОЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
Педагог-психолог өткізілген
«Ата-аналарға арналған ұсыныстар»
тақырыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Құрметті ата-аналар!

Баланың жан-жақты дамуы мен тәрбиесінде отбасының ролі ерекше. Балаңыздың бақытты, дені сау және тәрбиелі болып өсуі үшін төмендегі ұсыныстарды назарға алыңыз:

Ұсыныстар:

- ✓ Балаңызға күн сайын уақыт бөліп, ашық әңгімелесіңіз.
- ✓ Баланың пікірін тыңдап, ойын еркін айтуына мүмкіндік беріңіз.
- ✓ Жақсы істері мен жетістіктерін мадақтап отырыңыз.
- ✓ Отбасында жылы қарым-қатынас пен сыйластық атмосферасын қалыптастырыңыз.
- ✓ Күн тәртібін сақтауға және жеке бас тазалығына үйретіңіз.
- ✓ Кітап оқуға, сурет салуға және шығармашылық жұмыстарға қызығушылығын арттырыңыз.
- ✓ Баламен бірге таза ауада серуендеп, спорттық ойындар ұйымдастырыңыз.
- ✓ Телефон, планшет және теледидар қарау уақытын шектеңіз.
- ✓ Балаңызға өздігімен әрекет етуге мүмкіндік беріп, дербестігін қолдаңыз.
- ✓ Балабақша мамандарымен тығыз байланыста болып, бала тәрбиесінде бірлесіп жұмыс жасаңыз.

Есте сақтаңыз!

Бала тәрбиесінің ең тиімді жолы – ата-ананың жеке үлгісі. Сіздің мейіріміңіз, қамқорлығыңыз және қолдауыңыз балаңыздың жарқын болашағының негізі болып табылады.

«Балаға берілген ең үлкен тәрбие – жақсы үлгі».

Педагог – психолог:



А.Нуриманова

ЛЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК
Әдіскер өткізілген
«ЖҰМЫСТЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ ТУРАЛЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП»
тақырыбына өткізілген туралы
Ақпарат

Мақсаты:

Консультативтік пункт жұмысының тиімділігін анықтау, ата-аналардың көрсетілген қызметтердің сапасына қанағаттану деңгейін зерттеу және алдағы жұмысты жетілдіру бағыттарын айқындау.

2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша консультативтік пункттің жұмысының тиімділігін анықтау мақсатында ата-аналар арасында сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға 19 ата-ана қатысты.

Сауалнама нәтижесі бойынша:

- Консультативтік пункт жұмысына толық қанағаттанғандар – 27 ата-ана (90%);
- Ішінара қанағаттанғандар – 3 ата-ана (10%);
- Қанағаттанбағандар – жоқ.

Ата-аналардың пікірінше, өткізілген кеңестер мен іс-шаралар бала тәрбиесі, денсаулығы, психологиялық дамуы және мектепке дайындау мәселелері бойынша пайдалы ақпарат алуға мүмкіндік берген.

Сауалнама қорытындысы ата-аналардың консультативтік пункт жұмысына оң баға бергенін көрсетті. Мамандар тарапынан көрсетілген әдістемелік және психологиялық қолдау ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыруға ықпал етті.

Қорытынды:

Консультативтік пункттің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы тиімді деп бағаланды. Келесі оқу жылында ата-аналардың сұраныстары мен ұсыныстары негізінде жұмысты жалғастыру жоспарлануда.

Сауалнама сұрақтары:

1. Консультативтік пункт жұмысына көңіліңіз тола ма?
2. Мамандардың кеңестері сізге пайдалы болды ма?
3. Бала тәрбиесіне қатысты жаңа ақпарат алдыңыз ба?
4. Іс-шаралардың өткізілу сапасына қандай баға бересіз?
5. Алдағы уақытта қандай тақырыптар бойынша кеңес алғыңыз келеді?
6. Ұсыныстарыңыз бен тілектеріңіз.

Әдіскер: Мурат А.Мурат